

808
РЕСЕЙ ФЕДЕРАЦИЯСЫНЫҢ БІЛІМ
ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ
ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің
25 жылдығына арналған
«Алдамжар оқулары - 2016»
Халықаралық ғылыми-тәжірибелік
конференциясының
МАТЕРИАЛДАРЫ



2016 ж. 5 желтоқсан

Ресей Федерациясы
Қазақстан Республикасы

Министерство образования и науки Российской Федерации
Министерство образования и науки Республики Казахстан
Российская Академия Образования
Отделение философии образования и теоретической педагогики
ФГНУ «Институт стратегии развития образования РАО»
Научный совет по философии образования и проблемам методологии
исследований в образовании
Костанайский социально-технический университет им. академика З. Алда
(Республика Казахстан)
Южно-Уральский государственный гуманитарно-педагогический универе
(Российская Федерация)
Научно-исследовательский центр ЮУрГГПУ
«Научный центр стратегических исследований проблем образования»
Челябинское региональное отделение Научного совета по философии образов
и проблемам методологии исследований в образовании РАО - научно-
исследовательский центр «Методология педагогики»



МАТЕРИАЛЫ
Международной научно-практической конференции
«Методологические проблемы прогнозирования
в образовании и управлении им в контексте современного
системного стиля мышления (Алдамжаровские чтения – 2016)»,

посвященной 25-летию Независимости Республики Казахстан

5 декабря 2016 г.

Российская Федерация- Республика Казахстан

Бондарь Н.С.

Использование информационных технологий в системе технического и профессионального образования 175

Дубинина И.В.

Роль межличностных отношений в формировании личности ребенка на разных этапах онтогенеза 178

Дюсенова А.К., Митькина В.Б., Варюхина В.А., Хрипунова Н.А.

Музыкальное образование как необходимый аспект развития личности ребёнка 181

Ерალიна А.Е., Сатыбалды М.Н.

Становление гражданской позиции студента в воспитательной среде колледжа 184

Жамдауова Ш.Е., Желкунбаева А.

Психолого-педагогическое значение воспитания культуры поведения у детей младшего дошкольного возраста 187

Жамдауова Ш.Е., Чернуха В.

Задания исследовательского характера - как основная форма организации учебной деятельности младших школьников на уроках математики 188

Исаева Н.Н.

Педагогические условия организации дистанционного обучения в процессе подготовки бакалавров 190

Качеева А.Ю.

Технология проектного обучения как инструмент развития ключевых компетенций учащихся 194

Кругляк Ю.Р.

Игровые технологии как средство формирования социальной компетентности 198

Маулетова А.А., Гливина Е.В.

Развитие функциональной грамотности студентов посредством лично-ориентированного подхода и формирование музыкального мышления, эстетического вкуса на уроках «Музыкальный инструмент» 203

Степанова Т.Н., Демесинова Ж.Б.

Здоровье нации – основа процветания Казахстана 207

Шевцова И.Г., Корнилова И.Е., Логвиненко М.

Совершенствование экологического образования на основе внедрения новых информационных технологий в общеобразовательной школе 209

Экономика ғылымдары Экономические науки

Аббасов В.Ю., Турежанов С.У.

Проблемы и перспективы перехода к «зеленой экономике» в Республике Казахстан 214

Абжанова А.К.

Коммерциялық банктердің депозиттік операцияларын жетілдіру бағыттары мен даму жолдары 219

Антаев Ж.Т.

Жаңа ақпараттық технологияны пайдалану жолдары 222

Ахмерова Ж.А.

Проблемы и перспективы развития таможенного союза России, Белоруссии и Казахстана 225

Иполитов А.А.

Особенности маркетинговой деятельности юридической компании 229

Камзина Г.А.

деятельность, люди смогут достичь такой глобальной цели, как устойчивое развитие и благосостояние будущих поколений.

Литература

1. Повестка дня на XXI век. Конференция ООН по окружающей среде и развитию в Рио-де-Жанейро, 1992 - 237с.
2. Храмов А. «Зеленая экономика» для Казахстана // Литер. – 2012. – 26 декабря.
3. Назарбаев Н.А. Стратегия «Казахстан-2050»: новый политический курс состоявшегося государства: Послание Президента Республики Казахстан – Лидера нации Н.А. Назарбаева народу Казахстана // Казахстанская правда. – 2012. – 15 декабря.
4. Концепция по переходу Республики Казахстан к «зеленой экономике». – 2011. – 30 мая.
5. <https://www.greenkaz.org/index.php/koaliciya/o-koalitsii/item/797-missiya-i-tsel-koalitsii>
6. <https://www.greenkaz.org/index.php/sotsialnyj-proekt/item/1041-predprinimatelnits-kazakhstan-nakhodyat-svoj-put-s-coca-cola-belesteri>

Коммерциялық банктердің депозиттік операцияларын жетілдіру бағыттары мен даму жолдары

*Абжанова А.К.
Қостанай қ.*

Нарықтық экономикада банктердің жоспарлау жүйесі стратегияны, саясаттық тактиканы әзірлеуді білдіреді. Стратегия – болжам жүйесі мен ұзақ мерзімді даму жоспарларымен (банктер үшін 18 ай – 3 – 5 жыл), саясат – орта мерзімді жоспарларымен ал тактика – бірнеше айдан бір жылға дейін мерзімімен, қысқа мерзімді, жедел және икем жоспарларымен (бағдарламамен) анықталады.

Банк қызметінің маңызды аспектілерінің бірі оңтайлы депозиттік саясатты құру, депозиттерге қаражат тарту мен оларды тиімді басқару үшін белгілі бір себептер байланысты маңызды және зор тиімді қызметтерді жүзеге асырады.

«Банктің депозиттік саясаты» коммерциялық банктерде кәсіпорындарда ұйымдардан, халықтан уақытша бос ақша қаражаттарын банктің әртүрлі депозиттік (салымдар) шотына тарту мен реттеудің негізгі құжаты болып табылады. Бұл құжат – банктің өзінің даму келешегіне сай стратегиялық жоспарына, құрылымының талдауын жай – күйі мен қор базасының динамикасына байланысты өңделеді. Сонымен қатар тартылған қаражаттардың орналастыру мерзімі, негізгі бағыттар мен шарттарды айқындаушы «Несиелік саясат» пен «Инвестициялық саясат» деген құжаттармен тығыз байланысты. «Депозиттік саясат» құжатында жарғылық талаптарды, максаттарды міндеттерді, меморандуммен бекітілген банк өтімділігін қолдау және тиімді жұмыс істеуіне қамтамасыз ету мен несиелік және инвестициялық саясат орындау үшін қаражаттарды тарту стратегиясы айқындалуы керек [1].

Депозиттік саясатты әзірлеуге және іске асыруға бір – бірімен бірқатар өзара тығыз банктің құрылымдық бөлімшелері мен басқару органдары айналысады. Қаражат тарту бойынша тәжірибелік қызметті жүзеге асыру үшін банктер депозиттік операциялар үшін ережелерді әзірлейді (бөлек жеке тұлғалар мен заңды тұлғалар депозиттері бойынша). Депозиттік саясат заңды және жеке тұлғалардың бос ақша қаражаттарын жұмылдыруы және депозит нысанында кейіннен белсенді және өзара тиімді негізде пайдалануды

алар жүйесін білдіреді. Алдын – ала белгіленген жәрдемақы қоса бір тұлғадан екіншісіне берілген қаржатты номиналды түрде қайтару шарттары бойынша, салымшы жақы алғанымен, салымшыға ғана тиімді емес, сонымен бірге қаржылық делдалдар үшін тиімді. Көптеген депозиттер қарыз капиталын құруға қабілетті, содан кейін тиімді шарттар арқылы кез – келген экономика саласында орналастырылады.

Банктің депозиттік саясаты құрылатын қатынастар жүйесі, өтімділік, сенімділік және салымдардың табыстылығы негізіндегі – салымшыларды тарту және клиенттерге қызмет көрсету сапасын жетілдіру бойынша шаралар кешенінен тұрады.

Депозиттік саясаттың негізгі міндеті банктің депозиттік базасын ұлғайту үшін тиімді жағдайлар жасау.

Біріншіден, банк құратын депозиттерді тарту стратегиясы мен тактикасы тиімді еңиалды салымшылар көлемінің ұлғаюына ықпал етеді. Тартымды депозиттік саясат, салымшылар үшін қаражаттарды тиімді салу шарттарын құру осы банктің басқа банктермен қаражатындағы бәсекеге қабілеттілігін жоғарылатады.

Екіншіден, салымшы-клиенттер санын ұлғайту арқылы тартылған қаражаттар көлемі ұлғаяды, бұл өз кезегінде банкке несиелік саясатты белсендіруге жол ашады. Яғни депозиттік саясаттың тиімді бағамының арқасында банктің банкаралық несиелік қатынасындағы қымбат қарыздарға жүгінбеуіне немесе басқа да қаражат тарту көздерін қолданмай ақ қызмет атқаруына мүмкіндік береді.

Оған қоса банктер депозиттік операцияларды ұйымдастырудың бірнеше негізгі бағыттарын сақтайды:

- Депозиттік операциялар табыс табуға ықпал жасауы немесе болашақта табыс ал үшін жағдай жасау тиіс;
- Депозиттік операциялар әртүрлі болуы және әртүрлі субъектілермен жүзеге асырылуы тиіс;
- Депозиттік операцияларды жүргізу кезінде мерзімді салымдарға ерекше назар аудару қажет.
- Депозиттік және несиелік операциялардың мерзімдері және сомалары бойынша байланысын және сәйкестігін қамтамасыз ету қажет.
- Депозиттік және несиелік операцияларды ұйымдастыра отырып банк бос ресурстарды минималдауға тырысуы тиіс.
- Банкке депозиттерді тартуға септігін тигізетін банктік қызметтердің дамуы үшін қажетті шараларды қабылдауы қажет.

Банктердегі депозиттік операцияларды басқару ерекшелігі бірнеше міндеттерді орындаумен анықталады, оларға келесілер жатады:

1. Банкаралық бәсекелестік шарттары жағдайында депозиттік операцияларды тиімді жүргізу үшін шарттар жасау.
2. Салымшылар (депозиторлар) мүдделерін, іскерлік байланыстардың тиімділігін қамтамасыз ету мақсатында кепілдік, сенімділік, қызмет көрсету сапасын қамтамасыз ету жолымен сақтау.
3. Банктің жоспарымен бекітілген табысын табу кепілдігі.
4. Тәуекелдерді басқару.
5. Адами ресурстарды басқару.


Банктердің тиімді қызмет атқаруы ең алдымен осы міндеттерді орындауымен анықталады. Осылайша, коммерциялық банктерді депозиттерді тарту бойынша қызметін орындау қазіргі кезеңдегі мәселелермен жақынырақ танысуға және ары қарай даму стратегиясын әзірлеуге мүмкіндік береді.

Коммерциялық банктердің қаржылық тұрақтылығын күшейту мақсатында, депозиттік саясаттың негізгі құраушыларының бірі болып табылатын тиімді банктік саясатты құру қажет. Бір топ экономисттердің айтуы бойынша депозиттік саясат қаражаттарды депозиттерге тарту және оларды тиімді басқару бойынша банк саясатынан тыс несиелік салымшылардың және басқа да кредиторлардың қаражаттарын тарту бойынша

банктің стратегиясы мен тактикасынан және ресурстардың ең тиімді комбинация анықтаудан тұрады.

Депозиттік саясатты құру үш кезеңнен тұрады:

- Зерттеу кезеңі;
- Жоспарлау кезеңі;
- Шешімдерді қабылдау және іске асыру кезеңі (Сурет 1-ді қараңыз).



Сурет 1 - Депозиттік саясаттың құрылу кезеңдері

Зерттеу кезеңінде банк клиенттердің қажеттіліктерін зерттейді: депозиттер қандай түрлері қызықтырады, қай депозиттерге, салымдарға қандай пайыз мөлшерлемелер орнату. Осының бәрі банктің белгілі-бір банктік операцияларын жүз асыру бойынша мүмкіндіктерін ескере отырып жүзеге асырылуы қажет. Бұл кезеңде б сонымен қоса нарықты талдау және зерттеу жүргізіледі, оған: қоршаған ортаны, нарық банктің осы нарықтағы орны мен ролін талдау жатады. Яғни, банктің географиял орналасуы, клиентке жақындығы, филиалдық желінің жеткіліктілігі, қала немесе ау бәсекелестердің бар болуы сияқты параметрлерді депозиттік саясатты дайындауд бастапқы кезеңінде назарға алуы керек.

Жоспарлау кезеңінде банк депозиттік операциялар бойынша табысты бағалау ж талдауды жүзеге асырады, мүмкін болатын тәуекелдерді жоспарлайды, көрсете қызметтер ассортиментін кеңейтеді.

Шешімдерді қабылдау және іске асыру кезеңі – ең маңызды болып табыла, себебі бұл кезеңде жоспарлы кезеңде депозиттердің қандай көлемі тартылаты шешіледі. Бұл жерде қаражаттарды депозиттерге тарту процедурасы сияқты фак маңызды рол атқарады (банк персоналының клиенттермен сәтті жұмыс атқару; салымдардың түрлері, мерзімдері және басымдылықтары және т.б. бойынша түсінді жұмыстары). Бұл кезеңде жарнаманың және жарнама компаниясының өндірісі алат орны да зор. Және де қаржылық қаражаттарды ұтымды қолдану және тартылатын ж салынатын қаражаттар арасындағы теңсіздікті қысқарту үшін активтер мен пассивте тиімді және дұрыс басқару банкке байланысты [2].

Депозиттік саясатты әзірлеу және қамтамасыз ету келесідей негізгі бағыттар әзірлеуді қамтиды: инновациялық саясатты қосқандағы тауар саясаты; сату сая бағақұрылым саясаты; сервистік, оға қоса кадрлық саясат; жарнама саясаты.

Сонымен, депозиттік саясат – бұл саясат арқылы банк салымшыдан түскен қаражаттарды тиімді тартып, ақшалай құралдарды орналастыруды жүзеге асырады; ол әртүрлі салым жағдайларымен сипатталатын депозиттердің дұрыс арақатынасына байланысты саясат. Депозиттік саясат оңтайлылығының ерекше критерийлері әрбір банкпен жеке анықталады (банктің көлеміне, оның персоналының квалификациясына, банкпен орындалатын операциялар және қызметтердің өзіндік құнына және т.т.байланысты). Мысалы, банк әлеуметтік – бағытталған саясат жүргізгенде (табыстары төмен тұрғындарға, VIP – клиенттер үшін; жалпы халыққа), яғни нақты аймақтағы өзінің операцияларын кеңейтіп немесе операциялар мен қызметтердің кейбір түрлеріне мамандандырылуда банк өзінің оңтайлылық жайлы көзқарастарына сәйкес келетін нарықтық стратегия таңдайды [3].

Әдебиет

- 1 Исанова А.У. Формирование и развитие депозитного рынка в Республике Казахстан//Социально – экономические процессы в современном Казахстане в контексте реформ: материалы межвузовской студенческой конференции «Жас – Туран – 2000», Алматы, 2014.
- 2 Куанова Г. Қазақстанның банк жүйесіндегі депозиттер / журнал Саясат-Policy, №6-7, 2000.
- 3 Лим А. Депозит – капитал, приносящий доход// Финансы Казахстана. №11, 2010.

Жаңа ақпараттық технологияны пайдалану жолдары

*Аптаев Ж.Т.
Қостанай қ.*

Елбасы Қазақстанның әлемдегі бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясы атты жолдауында «Білім беру реформасы–Қазақстанның бәсекеге нақтылы қабілеттілігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін аса маңызды құралдарының бірі» деп атап көрсетті.

ҚР «Білім туралы» Заңының 8 бабының 7 тармағында: «Оқытудың жаңа технологияларын ендіру, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» міндеті қойылған.

Жаңа ақпараттық технологияны бәсекеге қабілетті ұлттық білім беру жүйесін дамытуға және оның мүмкіндіктерін әлемдік білімдік ортаға енудегі сабақтастыққа қолдану негізгі мәнге ие болып отыр. Білім беруді ақпараттандыру, білім салаларының барлық қызметіне ақпараттық–коммуникациялық технологияны енгізу және ұлттық модельді қалыптастыру қазақстандық білім беруді саналы деңгейге көтерудің алғы шарты.

Білім беруді ақпараттандыру жағдайында педагог мамандардың біліктілігін арттыру процесі қазіргі заманның негізгі міндеттерінің бірі болып табылады. Сонымен қатар, олардың ақпараттық сауаттылығын, ақпараттық мәдениетін, ақпараттық және кәсіби құзырлығын қалыптастыру мәселесі де бүгінгі күннің өзекті міндеттерінің бірі.

Педагог мамандар біліктілігін арттыруда ақпараттық әлемде оқу–тәрбие үрдісін ұйымдастырудың негізгі құралдарын, жаңа әдістер мен формаларды кез келген уақытта таба білуіне мүмкіндік туғызуға, өзін-өзі дамытуына және өздігінен білім алуына мүмкіндік алады. Бұл жағдайда дамытудың өзектілігі– жаңа ақпараттық технологияны оқу–тәрбие процесіне жан-жақты, әрі еркін пайдалана білуге үйрету мен дайындаудың сапалығымен анықталады. Ақпараттық жүйелер бойынша мамандарды даярлау тікелей компьютерлік, ақпараттық технологияларға байланысты.